

**УДК 338.001.36**

**КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫНЫҢ БЮДЖЕТ КІРІСТЕРІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ**

**Айтмагамбетова Амангуль**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 5В050800 «Есеп және аудит»  
«Есеп және аудит» мамандығының білім алушысы

**Ғылыми жетекшісі Р.С.Данаева**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университеті, «Есеп және талдау»  
кафедрасының аға оқытушысы, магистр.

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

[danaeva73@mail.ru](mailto:danaeva73@mail.ru)

Бюджеттік – қаржылық жүйе мемлекет қаржыларының қалыптасуы және қолданылуы бойынша қатынастарды қамтиды. Бұл жүйе мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық, қорғаныстың және тағы да басқа қызметтерін тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз етуді мақсат тұтады. Бұл жүйенің басты элементі – салықтар. Салықтар – мемлекет табыстарының негізгі көзі болып табылады.

Корпоративтік табыс салығын салу мәселесі ең күрделі және өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өкінішке орай, еліміздегі заңды тұлғаларға табыс салығын салу жүйесі салық төлеушілердің толық әлеуметтік мүдделерін қорғауды және салықтық құқықтарына сәйкестігін қамтамасыз ете алады деп айтуға әлі де болса ертерек. Өз кезегінде, кәсіпорындар табыс салығын төлемеу немесе кем төлеудің заңды және заңсыз жолдарын іздестіреді, ал осы нақталған тәжірибе қоғам арасында кеңінен таралып, мемлекет қазынасының табыстарына нұқсан келтіретіні белгілі.

Нарықтық экономика жағдайларында корпоративтік табыс салығы маңызды орын алады. Бұл кәсіпорындардың кездегі қаржылық жағдайы мен келешекте даму мүмкіндігімен тікелей байланысты. Мемлекеттік бюджет табыстарының негізгі көзі бола отырып, бұл салық фискалды қызмет атқаруымен қоса, қаржылық-шаруашылық операцияларды барынша тиімді ұйымдастыруға ынталандыруды мақсат тұтады. Өйткені корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі сыртқы факторларға емес, салық төлеуші тұлғаның өз қызметінің нәтижелеріне, яғни алған табыстарына тікелей байланысты. Сол себепті, өз кезегінде салық төлеуші кәсіпорындар да салық ауыртпалықтарына мойын ұсынбай, өзінің қаржылық-шаруашылық қызметін жетілдіру, салық төлеу деңгейін оңтайландыру шараларын іздестіру керек. Нәтижесінде кәсіпорынның өз қызметінің табыстылығы ғана артып қоймай, мемлекеттік бюджет табыстарының артуына да септігін тигізеді.

Корпоративтік табыс салығы салықтық түсімдерде және мемлекеттік бюджет кірістерінде едәуір орын алады. Төмендегі кестеден корпоративтік табыс салығы бойынша мемлекеттік бюджетке түскен салықтардың көлемін білуге болады [1].

ҚР Ұлттық Қорына түсетін тікелей салықтар туралы кестеден көре аласыздар. Бұл көрсеткіштер жергілікті бюджеттердің есебіне жатқызылатын салықтарды қоспағандағы есеп бойынша алынған.

Мемлекеттің және салық төлеушінің мүдделерін сақтау мақсатында билік органдары қажетті салықтық төлемдердің дұрыстығы мен уақтылы төлеуін қадағалап отырады. Салықтық бақылау барысында салықтық заң бұзушылықтар мен қателіктер айқындылып, олардың алдын-алу шаралары қарастырылады.

Салықтық заң бұзушылық дегеніміз – бұл қылмыстық жауапкершілікке алып баратын салық төлеушілердің салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеуден қасақана бас тарту (қашқақтау) әрекеті болып табылады. Салықтардан бас тарту міндетті төлемді жағдайы жетіп тұрса да мемлекетке төлеу міндетін қасақана орындамау. Сәйкесінше, салықтық қателіктер – бұл салық сомасын есептеуде және жеңілдіктерді қолдануда білместік жіберіп, мемлекеттік табыстарға байқаусызда нұқсан келтіру әрекеттері болып табылады.

Салықтық бақылаудың түрлері мен нысандарын келесідей бөліп көрсетуге болады:

- салық төлеушілер мен салық салу объектілерін тіркеуге алу;
- камералық бақылау – салық есебін құру бойынша салықтық заңнаманы бұзушылық пен қателіктерді жедел анықтау;

- салық төлеушілер мониторингі – нақты салық салу базасын анықтау мақсатында салық төлеушілердің қаржылық-шаруашылық қызметін қадағалау жүйесі;
- құжаттық салықтық тексерулер (кешенді, рейдтік, қарама-қарсы тексерулер);
- бақылаудың басқа да түрлері (салық кодексінің 17 бөлімінде жан-жақты қарастырылған).

Салықтық заң бұзушыларға әртүрлі санкциялық шаралар қолданылады. Солардың ішінде кеңінен қолданылатындары:

- жедел түрде реттеу шаралары: банктік шоттар бойынша операцияларды тоқтату, банктік және қаржылық мекемелер қаржылық қаражаттарға шектеу салу;
- қаржылық-құқықтық санкциялар: төленбеген салықтың сомасын қайтарып алу, табысты жасырғаны үшін айып салу, қаржылық және салықтық құжаттарды ұсынбағаны үшін айып салу; салық төлемін ұзартқаны үшін айып-пұл төлеу, сол сияқты, барлық салық объектілерін тартып алу;
- әкімшілік жауапкершілік шаралары: салық заңнамасын бұзғаны үшін кәсіпорындардың лауазымды тұлғаларына және жеке тұлғаларға айып салу;
- қылмыстық жауапкершілік шаралары: заңмен бекітілген мөлшерде айып салу, бас бостандығынан айыру, түзету жұмыстары, салық төлемеген тұлғалардың мүлкін тәркілеу (конфискациялау) [2].

Экономиканың шикізаттық бағытынан шығу үшін жағдайлар жасау мақсатында өзіндік өндірістің өте жоғары қосылған құны бар өнімдерді (соның ішінде халықаралық стандарттарға сәйкес сертификацияланған тауарларды) сатушы кәсіпорындарына корпоративтік табыс салығын салудың айрықша режимі енгізіліп отыр. Аталған өзгерістер Қазақстан Республикасының 2015 жылының 30 қарашасында «Салық салу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен енгізілген еді. Осы өзгерістерді корпоративтік табыс салығы шеңберінде жан-жақты қарастырып өтелік.

Капиталды қайта инвестициялауды ынталандыру мақсатында келесідей өзгеріс енгізілген. Әрбір құрылтайшының (акционердің) акциялар үлесін сақтай отырып, жарғылық капиталды ұлғайтуға бағытталған, резидент заңды тұлғаның таза табысы салық салу мақсатында дивидендтер болып есептелмейді және салық салынбайды, сондай-ақ салық салынатын табысты есептеу барысында жылдық жиынтық табысқа қосылмайды[3].

Қорытындылай келе, мемлекеттің тұрақты экономикасын құруда салықтар маңызды орын алады. Экономикалық мазмұны тұрғысынан салық дегеніміз, кәсіпорын мен ұйымдардан заңға негізделіп алынатын міндетті төлем жүйесі. Салық мәселесі мен салық салудың тамыры ғасырларға тереңдеп кеткен. Салық – нарықтық қатынастардың бір бөлігі, оның қызмет етуі елдегі экономикалық реформалардың нәтижелілігімен тығыз байланысты. Өз кезегінде жүргізілген салықтық реформаның тиімділігі мемлекеттің экономикалық дағдарысын, проблемаларын шешуші қызметін атқаруда.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Айдаров Д.Б. Теоретические аспекты совершенствования подоходного налога в РК / Налоговый эксперт.-2012 ж.-К9-12.-140 стр.
2. Бакаев С.М. «Об эффективности налоговых проверок», Налогоплательщик. Алматы 2011 г. – № 12
3. Жақыпбеков Д.С., Кәсіпорынның есеп және салық саясаты (кескіндер мен кестелерде) оқу құралы. Алматы: Экономика, 2013ж. – 358 бет.